

2

Жаңа жобалар мен
бастамаларға жол ашты

4

Сыр өңірінің
тарихи тұлғалары

Сыр бойы

№172 (21048) 13 қараша, бейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

f www.facebook.com/syrboyi.kz

i www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

X twitter.com/syrboyi

ҚАЗАҚСТАН-РЕСЕЙ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АУҚЫМЫ КЕҢ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путиннің шақыруымен Мәскеуге мемлекеттік сапармен барды. Внуково-2 әуежайында мәртебелі мейманның келуіне орай Мәскеу гарнизонының құрмет қарауылы мен әскери үрмелі оркестрі сап түзеді. Мемлекет басшысын Ресей Федерациясы Үкіметі Төрағасының бірінші орынбасары Денис Мантуров пен басқа да ресми тұлғалар қарсы алды. Екі елдің мемлекеттік әнұрандары шырқалды.

Президент сапар аясында Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының студенттерімен әңгімелесті.

Студенттер Мемлекет басшысына қазақ тіл қатты. Олар Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың кітаптарында көрініс тапқан дипломатия мен ашықтық қағидалары Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтында үлгі ретінде оқылатынын жеткізді. Сонымен қатар жастар Абай Құнанбайұлы шығармашылығына зор қызығушылықпен қарайтынын айтты.

— Ақынның «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген достық туралы ой орамдары өте ерекше. Ресей мен Қазақстан — мәңгілік достықтың қос қанаты деп есептейміз. Екі елді, екі халықты риясыз, шынайы достық қарым-қатынас байланыстырады, — деді жастар.



Мемлекет басшысы студенттердің қазақ тілін үйренуге деген ынтасына жоғары баға беріп, оларға сәттілік тіледі.

— Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты — өте беделді жоғары оқу орны. Бүкіл әлемге танымал. Қазақстан бүгінде дербес

мемлекет. Менің ойымша, Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтында алған білімдеріңіз болашақта мол пайдасын тигізеді. Өйт-

кені түрлі елдер туралы, оның ішінде Ресейдің бұрыннан келе жатқан одақтасы Қазақстан жайында көп мағлұмат білу Сіздерге кейін жұмысқа орналасуға, сондай-ақ әлемде және өңірлік деңгейде бәсекеге қабілетті маман болуға көмектеседі, — деді Президент.

Қазақстан мен Ресей президенттері бейресми кездесу өткізді.

Мемлекет басшысы Ресей Президентіне ерекше құрметі үшін ризашылық білдірді.

— Құрметті Владимир Владимирович, ең алдымен, Мәскеуге, осынау қасиетті жерге табаным тиген сәттен бастап көрсетілген ерекше сый-құрмет үшін Сізге ризашылығымды білдіремін. Жаңа ғана протокол аспектілері жөнінде айтылды. Шын мәнінде, Ресей астанасындағы ыстық ықылас мені қатты таңғалдырды әрі қуантты. Екіжақты ынтымақтастық стратегиялық серіктестік, одақтастық қатынастар сипатына ие. Барлық бағытта бірлесе жұмыс атқарып келеміз. Мемлекеттеріміз арасында ешқандай түйткіл жоқ. Мәселе туындаған күннің өзінде президенттер мен үкіметтер басшыларының күш-жігері арқасында оң шешім табады. Сіздің шақыруыңызды зор ықыласпен қабылдадым. Расында, бүгін бейресми жағдайда пікір алмасамыз. Менің Өзіңізбен талқылағым келетін біраз пікір-пайымым бар, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2-бет

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

БІРҚАТАР МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде геология және жер қойнауын пайдалану саласын дамыту, цифрландыру, халықты дәрі-дәрмекпен, медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету мәселелері талқыланды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Өңірде тұрғындарды дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету бағытында Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығына сәйкес жүйелі жұмыс жүргізілуде. Бөлінетін қаражат көлемі жыл сайын артып келеді. Мәселен, республикалық бюджет есебінен бөлінген қаржы 2022 жылмен салыстырғанда 1 млрд 800 млн теңгеге өсіп, биыл 9 млрд 300 млн теңгеге жетті.

Медициналық ұйымдарға «СК-Фармация» серіктестігі арқылы 9 млрд 200 млн теңгеге дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар жеткізілді. Өткен 10 айдың ішінде 140 мыңнан астам пациентке 545 мың рецепт жазылып, тегін дәрі берілген. Жыл соңына дейін тағы 255 млн теңгеге дәрілік заттар жеткізу жоспары бар.

Мұнай-газ саласы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады. Жаңа кен орындарын анықтау үшін шөгінді бассейндер зерделенуде. Республикалық бюджет есебінен қаржыландырылған «Арал» шөгінді бассейніндегі өңірлік геологиялық зерттеу бытыр аяқталды. Ал «Сырдария» шөгінді бассейнін зерттеу 2024 жылы басталып, үш жылға жоспарланған. Бұл мақсатқа 4 млрд 300 млн теңге бөлінген.

«Саутс Ойл» компаниясы дәстүрлі емес тәсілмен қара тақтатастан мұнай өндіруді қолға алды. Облыста кен таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісімшарттар мен лицензиялар жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай цифрлық платформасына толық тіркелген.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

/// МЕРЕЙ

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІНЕ ҚҰРМЕТ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мемлекет және қоғам қайраткері Мұхтар Абрауұлы Құл-Мұхаммедпен кездесті. Қайраткердің Сыр елінің дамуына қосқан үлесін атап өтіп, ізгі тілегін білдірді.

— Батыр ағамыз Бауыржан Моңғашұлының «Әр адамға бақыт пен бедел ақылмен, көп ізденіспен, адал еңбекпен келеді» деген ұлағатты сөзі бар. Мәңгі де мағыналы ғұмыр кешіп, абыройға, сый-құрметке бөленген аға буын арасында Мұхтар Абрауұлының тұлғалық келбеті, адами болмысы өз алдына бөлек.

Сіз Қызылорда облысының әкімі ретінде Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін бердіңіз. Бір ғана мысал, 2007 жылы облыс бюджеті 36 млрд теңге болса, бір жарым жылда 90 млрд теңгеге жетті.

Аз уақыттың ішінде аймақ экономикасының сан саласындағы

өзекті мәселелерді республикалық деңгейде батыл көтеріп, Қызылорда қаласындағы көпқабатты тұрғын үйлердің проблемаларын шешуге, инженерлік инфрақұрылым жүйелерін жаңғыртуға ықпал еттіңіз. Облыс аумағында 21 мектептің, Жанакорған ауданында жыл бойы жұмыс жасайтын балалар тынығу лагерінің құрылысы басталды, 1 200 орындық 11 іргелі мектеп салынды. Денсаулық сақтау саласында 11 нысанның құрылысы басталып, Арал, Қазалы аудандарында 100 орындық аурухана, Жаңакорған аудандық орталық ауруханасы ғимараттары бой көтерді.

2-бет

/// НАРЫҚ

Быттыр Қазақстанның сыртқы тауар айналымы 141,4 млрд АҚШ доллары болды. Ал осы жылдың қаңтар-тамыз айындағы көрсеткіш 90,2 млрд АҚШ долларын көрсетті. Жыл соңына дейін бұл цифр өзгеретіні анық. Жалпы Сауда және интеграция министрлігі өз алдына жеке шаңырақ болғалы елдің сыртқы экономикалық қызметін дамыту, оның ішінде шикізаттық емес экспортты қолдау және сауда қызметін жақсартуды бірінші орынға қойғандай.

САУДА САЯСАТЫ: ЭКСПОРТ hәм ИМПОРТ

АЛДЫҒЫ ОРЫНДА –
ҚЫТАЙ

Сырт елдермен тауар айналымында белсенді болуға тырысқан министрлік саладағы өз көрсеткішін арттырып

отырғаны рас. Бір ғана мысал, 2019 жылы тауар айналымы 97,8 млрд АҚШ долларын құраса, 2022 жылы 135,5 млрд АҚШ долларына жетті. Бұл жерде энергия ресурстарының бағасының өсуі мен жаңа

аймақтарға экспорттың кенәуі есебінен сауда көлемінің рекордтық артуы да көп өсім көрсеткені рас. Ал 2023 жылы 139,8 млрд, өткен жылы 141,1 млрд АҚШ долларын құрап отыр.

Жалпы министрлік алдымен экспорттың әр тараптан болуына және сыртқы сауда құрылымындағы шикізаттық емес тауарлардың үлесін арттыруға күш салып келеді. Екіншіден, Қазақстан сауда қатынасында Ресей, Түркия, Қытай, АҚШ, Германия, Франция, Оңтүстік Корея, Жапония және Орталық Азия елдерімен тұрақты серіктестік орнатып отыр. Мұның ішінде Ресеймен тауар айналымы елдің сыртқы экономикалық қызметінде маңызды орын алады. Ресейден бөлек, осы салада тауар айналымы тұрақты өсу динамикасын көрсеткен елдің бірі – көрші Қытай. Быттыр қос ел арасында сауда айналымы 30,1 млрд АҚШ доллары болды.

2-бет



Қошпақ К.Орыбаев

БАСПАСӨЗ – 2026

ҚҰРМЕТТІ
ОҚЫРМАН!

2026 ЖЫЛДЫҢ
БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА
ГАЗЕТКЕ
ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Сыр бойы»
газетіне
жазылу бағасы
жеке-кеңес үшін:
6 айға – 5000 теңге



Валюта бағамы:

\$ 525,28 kzt

€ 607,85 kzt

₸ 6,47 kzt

Ауа райы:

Бейсенбі

☀️ +16°

☾ +2°

Жұма

☀️ +13°

☾ +3°

ҚАЗАҚСТАН-РЕСЕЙ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АУҚЫМЫ КЕҢ

Бұл ретте Владимир Путин Қазақстан Президентімен жүздескеніне қуанышты екенін жеткізді.

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, ең алдымен, Сізге уақыт тауып, келіскеніміздей, мемлекеттік сапармен келгеніңіз үшін алғыс айтамын. Бұған шын жүректен қуаныштымын. Әрине, біз ұдайы байланыстамыз. Алайда мемлекетаралық қатынастарда мұндай протоколдық дүниелер де маңызды. Бүгін бейресми жағдайда кездесіп, барлық өзекті мәселе бойынша әңгімелесеміз. Ал ертең әріптестермен бірге екіжақты қарым-қатынастың күн тәртібін қарастырамыз және перспективті бағыттарға назар аударамыз. Жалпы алғанда, біз осы жылды өте жақсы нәтижелермен аяқтаймыз, сондай-ақ таяу келешекке арналған жоспарды орындаймыз деп ойлаймын, – деді Ресей Президенті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ресей Федерациясына мемлекеттік сапарының екінші күні Александр Бағындағы «Белгісіз жауынгер бейіті» мемориалына гүл шоғын қою рәсімінен басталды.

Бір минут үнсіздіктен кейін оркестр Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранын орындады. Содан соң Құрмет карауылы еліміздің ресми делегациясының алдынан салтанатпен сап түзеп өтті.

Қазақстан Ұлы Женіске зор үлес қосты. Майданға 1 миллион 200 мыңнан астам қазақстандық аттанып, олардың тең жартысы ерлікпен қаза тапты. Бес жүзден астам отандасмыз Кеңес Одағының Батыры атанды.

Мемлекет басшысы Ресей Федералды Жиналысы Федерация Кеңесінің Төрағасы Валентина Матвиенкомен кездесті. Кездесу барысында Президент бұл сапарын Қазақстан-Ресей сан қырлы ықпалдастығының айтулы кезеңі ретінде қарастыратынын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин Мәскеуде келіссөз жүргізді.

Жоғары деңгейдегі келіссөз алдында Кремльдің Георгий Залында ресми қарсы алу рәсімі өтті. Мемлекеттер басшылары бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Екі елдің ұлттық әнұрандары орындалды.

Мемлекет басшысы Мәскеуге шақырғаны, сондай-ақ дәстүрлі қонақжайлық танытқаны үшін Владимир Путинге ризашылығын білдірді.

– Ресей тарапы сапарды ұйымдастыруға мұқият әзірленгенін көрдік. Іс-шаралар жан-жақты ойластырылған. Біз үшін Ресей Федерациясына мемлекеттік сапар – биылғы ең айтулы оқиға. Министрліктер, ведомстволар арқылы консультациялар жүргізіп, тыңғылықты дайындалдық. Өйткені ынтымақтастық ауқымы өте кең. Ресей Федерациясымен барлық салада тығыз байланыс орнаттық. Сіз жана ғана қандай жұмыс атқарылғаны, алдымызда қандай міндеттер тұрғаны жөнінде егжей-тегжейлі айттыңыз. Оған алып-қосарым жоқ. Шын мәнінде, мемлекеттеріміз арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастар – саяси сыпайлық үшін айтылған сөз емес, өзара ынтымақтастығымыздың мәнін ашатын сипаттау. Сондықтан өзара қарым-қатынасымызда ешқандай түйткіл жоқ деп сеніммен айтуға болады. Өгінде өзніз айтқандай, барлық сала табысты дамып келеді. Тауар айналымын 30 миллиард долларға дейін арттыру міндетін қойдық. Менің ойымша, бұл қол жеткізуге болатын көрсеткіш. Таяу келешекте мақсатымыз орындалады деп

ойлаймын. Ресей Федерациясымен атом энергиясы саласындағы ынтымақтастыққа айрықша тоқталғым келеді. Көп ұзамай «Росатоммен» станса құрылысын бастауға мүмкіндік беретін өте маңызды келісімдерге қол қоямыз. Бұл – серпінді жоба. Өйткені атом электр стансасы ғана салынбайды, мүлдем жана сала пайда болады, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру саласындағы екіжақты ықпалдастықты қарқынды дамытуға баса мән берді.

– Ресейдің 9 жоғары оқу орны, соның ішінде танымал университеттер Қазақстанда филиалдарын ашты. Бұл үшін Ресей Федерациясының білім саласы өкілдеріне ризашылығымды білдіремін. Сонымен қатар Омбы университеті жанынан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филиалы ашылды. Бұл да елеулі оқиға. Жалпы, білім саласына ерекше мән беремін. Өйткені жастарымызға жағдай жасау керек деп санаймын. Біздің мақсатымыз – жастарға Қазақстан мен Ресейдің жана тарихи және геосаяси кезеңдегі ынтымақтастығы мен достық байланыстарын аманаттау. Өскелең ұрпақ мұндай қарым-қатынассыз осынау алмағайып заманда өмір сүру мүмкін емес екенін түсінуге тиіс. Қазақстан Президентінің Ресей Федерациясына мемлекеттік сапары бұл міндетті белгілі бір деңгейде орындап отыр. Осы бағыттағы жұмыс жалғасын табады деп ойлаймын. Сол себепті Сізді Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Владимир Путин Қасым-Жомарт Тоқаевты Кремль сарайында қарсы алғанына өте қуанышты екенін жеткізді.

– Бүгін Мәскеуге Үкімет мүшелерінен және бизнес өкілдерінен құралған үлкен делегация келгенін көріп отырмыз. Қазақстанмен арадағы қарым-қатынасымыз қарқынды дамып келеді. Негізгі құжаттарда жазылған уағдаластықтардың өзектілігін өмірдің өзі көрсетуде. Қазақстан мен Ресей – жақын серіктес, достас әрі одақтас елдер. Бұл нақты істерден байқалады. Ресей – Қазақстанның жетекші сауда-экономикалық серіктестерінің бірі және басты инвесторлар қатарында. Былтыр сауда айналымы 27 миллиард доллардан асты. Биылғы 9 айда бұл көрсеткіш 20 миллиард долларға жетті. Көптеген ресейлік компания Қазақстанда табысты жұмыс істеп жатыр. Қазақстанның бизнес өкілдері де Ресейде өз кәсіптерін ашып, белсенді жүргізуде. Біз халықаралық аренада тығыз байланыс орнаттық. Бірқатар өңірлік ұйымға мүшеміз. Алдағы күндері Бішкекте өтетін ҰҚШҰ форумында, одан кейін Санкт-Петербургтегі ТМД-ға және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер басшыларының дәстүрлі басқосуларында кездесеміз. Бағдарламамыз өте мазмұнды, оның барлығы орындалып жатыр. Сіздің бүгінгі сапарыңыздың қорытындысы бойынша меморандумдар әзірленді. Бұл байланыстарымызды жоғары мемлекетаралық деңгейге шығаруға көздейді. Әрине, бұл бізді қуантады. Қазақстанмен қарым-қатынасты одан әрі дамытуға ұмтыламыз, – деді Ресей Президенті.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин екі ел делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Кездесу барысында саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық ықпалдастықтың кең көлемді мәселелері қарастырылды.

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІНЕ ҚҰРМЕТ



Сізді халқымыз мемлекет және қоғам қайраткері ғана емес, Тәуелсіз Қазақстанның құрылуы мен қалыптасу кезеңінен бүгінге дейінгі дамуына сүбелі үлес қосқан көшбасшы азамат, Алаш арыстарының озық идеяларын жалғастырушы тұлға ретінде

айрықша құрметтейді, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мұхтар Құл-Мұхаммедке аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына сіңірген еңбегі үшін «Қызылорда облысының құрметті азаматы» атағын беру туралы шешім 2022 жылы қабылданған болатын.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЖАҢА ЖОБАЛАР МЕН БАСТАМАЛАРҒА ЖОЛ АШТЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қазақстан Халық банкі» АҚ басқарма төрайымы Үміт Шаяхметовамен кездесті. Кездесуде шағын және орта бизнесті, инвестициялық жобаларды қаржыландыру мәселелері талқыланды.

– Біз «Қазақстан Халық банкімен» өзара сенімді серіктестікке дайынбыз. Бүгінгі кездесу жаңа жобалар мен бастамаларға жол ашды деп сенеміз. Сіздерге табыс, сәттілік пен жана жетістіктер тілеймін, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Бүгінде өңірде инвестиция тарту, кәсіпкерлікті дамыту және жана жұмыс орындарын ашу бағытында ауқымды жұмыс жүргізілуде. Өткен жылы жеке кәсіпкерліктің 4312 жобасын қолдауға барлық көзден 78,6 млрд теңге бағытталды. Екінші деңгейлі банктер арқылы 1246 жобаға 38,5 млрд теңге несие беріліп, оның 50 пайызын «Қазақстан Халық банкі» қамтамасыз етті.

Жыл басынан бері бизнестің 2301 жобасына 41,8 млрд теңге қолдау көрсетілді. Екінші деңгейлі банктер 192 жобаға 18,1 млрд теңге несие берген, оның 60 пайызын «Қазақстан Халық банкі» ұсынған.

Биыл банк жеке кәсіпкерлікті, ішкі сауда субъектілерін және өңдеу өнеркәсібін қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды, соның ішінде «Өрлеу» бағдарламасын іске асыруда белсенділік танытты.

«СБ» ақпарат

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕБІНІҢ» КЕЛБЕТІ



Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов, облыстық маслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов «СПМК-70» шағын ауданындағы 1500 орындық «Келешек мектебіне» барды.

Мектеп құрылысы толық аяқталған, жана ғимарат заманауи талаптарға сай. Мұндағы оқу кабинеттері сонғы үлгідегі құрал-жабдықтармен қамтылған, арнайы STEM-зертхана, кітапхана, спорт және акт залы, асхана бар. Бас мердігер – Integra Construction KZ, жобалаушы ұйым – Project Construction KZ, техникалық қадағалаушы «Самұрық Қазына Девелопмент» серіктестіктері нысанды жақын күндері пайдалануға беруге дайын.

Аймақта «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 6 900 орынға арналған 10 мектеп салынды. Бүгінде

оның тоғызы пайдалануға берілсе, алтауының құжаттары әзірленіп, облыстық білім басқармасының теңгеріміне қабылданды. Биылғы оқу жылында іске қосылатын 3 мектепте оқу процесі жүргізілуде.

Жергілікті бюджеттен жоба-сметалық құжаттамалар әзірлеуге 118,4 млн теңге бөлініп, 1 млрд 700 млн теңгеге 10 мектептің инфрақұрылымы тартылды. Тағы 2 млрд 80 млн теңгеге білім ошақтарының іргелес аумақтары абаттандырылып, жол салынды.

«СБ» ақпарат

САУДА САЯСАТЫ: ЭКСПОРТ hәм ИМПОРТ

Қытайға экспортталатын негізгі тауарлар қатарында мыс, мұнай, уран, табиғи газ бар. Ал импортталатын негізгі тауарлар – телефон аппараттары, автокөліктер, есептеу машиналары, көлік корпустары, жол және құрылыс техникасы, т.б.

– Қазақстанның сыртқы саудадағы ең үлкен әріптесі – Қытай. Әрине, Ресеймен де тұрақты байланыс бар, бірақ олар кейінгі жағдайға қатысты көп санкцияға іліккен соң біздің шикізат не өнімге сұранысы азайды. Себебі Ресей екі-үш жылда өз өндірісін қорғаныс саласына қарай бұрып, бейбіт өмірге қажетті тауарларды шектеді. Әзірге сауда байланысында екінші орында Ресей тұр. Ал Қытайға экспорттау жағына келсек, шикізатпен қоса, тамақ өнімдері кетеді. Импорт жағында техникалық жабдықтар келеді. Ресейге көмір мен металл жіберсек, ол жақтан көп дайын өнімдер мен қондырғылар алынады. Сондай-ақ Орталық Азия және Түркиямен де сауда саясатында тығыз қатынастамыз десек болады, – дейді экономика ғылымдарының кандидаты Сапарбай Жобаев.

Сапаршының айтуынша, бес-алты жыл бұрын Орталық Азия елдерімен сауда айналымы 5 млрд доллар айналасында болса, бүгінде ол көрсеткіш 7-8 млрд долларға артқан. Ал министрлік дерегі көрсеткендей, Орталық Азия мемлекеттеріне экспортталатын негізгі тауарлар қатарында бидай ұны, күнбағыс майы, алтын және өзге де металл түрлері бар. Аталған мемлекеттерден автомобильдер үшін

корпустар, табиғи газ, қорғасын мен бағалы металдар рудалары мен концентраттары импортталады.

ҚАЗАҚСТАН – ЭКСПОРТТАУШЫ МЕМЛЕКЕТ

Қазақстандағы сыртқы сауда сыртқы экономикалық байланыстың бір бөлігі болып саналады. Бүгінде аталған салада көрсеткіш жаман емес. Сарапшылар осылай дейді. Экономист С.Жобаев сонау 2000 жылдардан бері қарай біздегі шикізат бағасы өскенін айтады. Ал 2013-2014 жылдары сыртқы экспорт көлемі 80 млрд долларға артқаны тағы бар. Бұл сол кездегі 230 млрд долларлық жалпы ішкі өнімнің үштен бір бөлігі болатын. Сондықтан Қазақстанды экспорттаушы мемлекет деп әбден атауға болады. Дұрысы, өзімізде өндірілген мұнай мен газ, уран, металл, көмір, бидай мен оның өнімдері, күнбағыс майы, ет және басқа өнімдерді экспорттап отырмыз.

– Екінші, саладағы транспорт, яғни логистика мәселесін айтсақ болады. Мәселен, транспортты айтар болсақ, кезінде ашық теңізге шығатын жолымыз болмаған соң 12 млрд доллар шамасында төлем жасап, өз тауарларымызды солай экспорттап жүрдік. Ал біздің үлкен территориямыз арқылы өтетін басқа елдер бізге 6 млрд доллар ғана төлем жасады. Бұл шығын болатын. Қазір Қытай мен Еуропа арасындағы орталық көлік дәлізі, ТрансКаспий

халықаралық маршруты ашылған соң бізге транспорттық қызметтен түсетін түсім 10 млрд долларға жақындап калды. Бұл мәнөні 12 млрд долларға жеткізсек, транспорттық құны мен тауарларын шекара арқылы сыртқа шығаратын жүктердің бізге төленетін төлем құны бірдей болатын еді. Ал мұндайда шығын болмайды, – дейді ол.

Мәжіліс депутаты Анас Баққожаевтың сөзінше, тиісті қаржылық қолдау болмай, сыртқа өнім шығарушы кәсіпорындардың алға қалам басуы қиын. Үкімет осыған тереңірек кіру керек. Ынталандырудың бар механизмін іске қосқан жөн. Бұл жерде тиісті салаға жетекшілік ететін шенеуніктердің де батылдығы рөл ойнамақ.

– Расы сол, бізде бюджет тапшылығы жоқ емес. Жана өндіріс көздерін ашу қарқыны төмен. Ал салықтық базаны ұлғайтуға, қазынаны толықтыруға жана өндіріс керек. Жалпы Қазақстанның ішкі нарығы аз екені белгілі. Оның үстіне барлық жұмыс істеп тұрған кәсіпорының көбісі ішкі нарыққа бағытталған. Алайда Үкіметтің сыртқы нарыққа, әсіресе ауыл шаруашылығындағы азық-түлік өнімдерін экспорттауға әлеуеті жеткілікті деп ойлаймын. Бірақ бұл үшін тағы қайталап айтамын, тиісті өнім өндіруші кәсіпорын санын арттыру керек. Қазір олар бізде бар болғанның өзінде де қуаттылығы өте төмен, – дейді депутат.

Инвестиция демекші, Сапарбай Жобаевтың айтуынша, Орталық Азияға тартылған 500 млрд доллар инвестицияның 80 пайызы Қазақстанға келген. Бірақ бұл

өте үлкен төлемдерге алып келмек. Өйткені әр жылдары шет мемлекеттерге 20-25 млрд доллар дивиденд төлейміз. Онсыз болмайды. Олар дивиденд алмаса, біздің елге мүлде инвестиция әкелмес те еді.

– Былтыр қараша-желтоқсан айларында Қытайда тағылымдамадан өтіп келдік. Сонда байқағанмыз, ондағылар Қазақстанмен сауда байланысын нығайтуға өте мүдделі. Олар үлкен кәсіпорын ашып, біздің шикізатты пайдаға асыру арқылы өздеріне қажетті жеңіл өнеркәсіп немесе тамақ пен басқа өнімдерді көбейткісі келеді. Жалпы бізге түсетін қаражат Қытай мен Еуропа арасындағы 600 млрд долларлық сауданың біздің территория арқылы өтуінен болып отыр. Екіншіден, сыртқы сауда қатынасында мүдделі шет мемлекеттермен арадағы сауда айналымы үшін теміржол мен көлік, кеме қатынасы өте маңызды рөл атқарады, – дейді экономист.

СЫР ЕЛІНДЕГІ САУДА ЖАЙЫ

Ішкі нарықпен қатар, сыртқы сауда қатынасында экспорттың артуы сауда саласының дамуына серпін береді. Қызылорда облысы экономикасының негізгі тірегі – ауыл шаруашылығынан бөлек, мұнай мен құрылыс материалдары, яғни өңірдің экспорттық әлеуеті көбіне табиғи ресурстар мен құрылыс индустриясының өнімдеріне негізделген.

Атап айтсақ, мұнай және мұнай өнімдері өңірдің жалпы экспорт

көлемінің 60%-ына (202,5 млн АҚШ доллар) жуықтайды. Аталған өнім Қытай еліне кетуде. Ал цемент, әк және гипс сияқты құрылыс материалдары (75,1 млн АҚШ доллары) Өзбекстан, Қырғызстан және Ресейдің шекаралас аймақтарына экспортталады.

– Біздегі ауыл шаруашылығы өнімдері, оның ішінде күріш экспорты ТМД елдеріне тиесілі. Ең басым бөлігі Тәжікстан, Ресей, Украина, Әзербайжан мемлекеттеріне жіберілді. Ал мұздатылған балық Қырғызстан, Ресей және әлемнің басқа да елдеріне, атап айтсақ, Қытай, Грузияға бағытталған. Жалпы алғанда Қызылорда облысының экспорт көлемі жыл басынан бері шамамен 321,5 млн АҚШ долларын құрады, – дейді кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары Жанар Берденова.

Ал өңірге қандай тауарлар импортталуға? Салалық басқарма берген мәліметке сенсек, мұндағы көрсеткіш жыл басынан бері шамамен 160,4 млн АҚШ долларына жеткен.

– Импорттың басым бөлігі Ресей, Қытай, Түркия және тағы басқа елдерден жеткізіледі. Негізгі облысқа әкелінетін импорттық тауарға өндірістік техника мен машиналар, химиялық реагенттер, мұнай-газ өндірісіне, құрылысқа арналған материалдар мен арнайы жабдықтар, мал және өсімдік өнімдері, дайын азық-түлік тауарлары жатады. Бұдан басқа, аяқкиім, тоқыма бұйымдары әкелінеді, – дейді салалық басқарманың бас маманы Берік Палуан.

Бүгінде облыста сауда инфрақұрылымын жаңарту, заманауи фор-

матта қызмет көрсету ісін алға жылжытуда қарқынды жұмыс бар. Сауда айналымының өсуіне тұтынушылық сұраныс артып келеді. Жыл басынан бері сауда айналымының нақты өсімі 106,5%-ды құраған. Оның ішінде бөлшек сауда айналымы 102, көтерме сауда айналымы 114, автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу 104 пайызға артқан. Өңірде кәсіпорындардың, оның ішінде табакша шыны, цемент, күкірт қышқылы, темір-бетон, күріш, ас тұзы, балық өнімдерін өткізу арқылы жалпы сауда айналымының көлемі артып отыр.

Сондай-ақ биыл аймақтағы сауда саласында 10,8 млрд теңгені құрайтын 28 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған. 4,3 млрд теңгені құрайтын 12 сауда нысаны іске қосылып, 174 жұмыс орны ашылған.

Қорыта, айтсақ, сауда – экономиканың маңызды саласы. Аталған сала мемлекет бюджетіне түсетін салықтың көп бөлігін қамтиды. Өрі жұмыссыздыққа тосқауыл қоюда өте маңызды рөлге ие. Ресми мәліметтерде елдегі сауда саласында 1,5 миллионнан аса адам қызмет етеді. Сондай-ақ 80 мыңға жуық сауда нысаны бар. Мұның ішінде 700-ден астамы – түрлі сауда базары. Расымен де өмір сүру дағдымызды дүкен не басқа да сауда орындарымыз елестету тым қиын. Адамзаттың түрлі қажеттілігін өтейтін нысандардың маңызы ерекше екені айтпаса да түсінікті.

Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

ЖОБА

Қызылорда облысының 2026 жылға арналған әлеуметтік саласы бойынша квоталар белгілеу туралы

«Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексі» Қазақстан Республикасы Кодексінің 107-бабына, «Мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы №207 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізімінде №32737 болып тіркелген) және «Ата-анасынан көмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 17 қазандағы №446 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 33564 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАЗЫЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қызылорда облысының 2026 жылға арналған әлеуметтік саласы бойынша квоталар белгіленген:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептегенде, жұмыскерлердің тізімдік саны 50 адамнан асатын және одан жоғары жұмыс берушілерге екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін;

3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін;

4) осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес ата-анасынан көмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қызылорда облысының әкімі	Н.Нәлібаев
2025 жылғы «__» _____	Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысына 1-қосымша

Ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептегенде, жұмыскерлердің тізімдік саны 50 адамнан асатын және одан жоғары жұмыс берушілерге екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру квотасы

Р/с	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)	Жұмыс орындарының саны	Квотадан тыс жұмыс істейтін мүгедектігі бар адамдардың саны (адам)
1.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің «Т.Г. Шевченко №13 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	122	3	2	2
2.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің «№220 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	171	3	1	2
3.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің «Ұзақбай Қараманов атындағы №262 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	200	3	1	5
4.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің «№73 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	113	3	1	1
5.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің «№21 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	110	3	1	1
6.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің «№59 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	119	3	1	1
7.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№266 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	240	3	1	6
8.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Мұстафа Матаев атындағы №170 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	149	3	1	3
9.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№276 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	101	3	1	2
10.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «К.Нұрмаханов атындағы №95 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	92	2	1	1
11.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№288 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	92	2	1	1
12.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Г.Мұратбаев атындағы №91 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	90	2	1	1
13.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Үрмеш Түктібаев атындағы №24 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	130	3	1	3
14.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№104 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	73	2	1	-
15.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «С.Есқараев атындағы №27 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	64	2	1	-
16.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «№22 «Аухарта» бөбекжай-бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	66	2	1	-
17.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «№24 бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	72	2	1	-
18.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «№85 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	123	3	1	-
19.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «№274 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	155	3	1	-
20.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	110	3	1	1
21.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «А.Жанпейсов атындағы №105 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	106	3	1	2
22.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «№273 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	129	3	1	2
23.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «№277 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	188	3	1	1
24.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№201 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	209	3	1	3
25.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№123 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	164	3	1	4
26.	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Сырдария аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	736	4	4	25
27.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Сырдария ауданы бойынша білім бөлімінің №25 Иса Токтыбаев атындағы мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	115	3	1	2
28.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Сырдария ауданы бойынша білім бөлімінің «№132 Т.Айтбаев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	142	3	1	2
29.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Сырдария ауданы бойынша білім бөлімінің №37 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	220	3	1	-
30.	Шіелі ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Шіелі аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	76	2	1	-
31.	«СК Ризалты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	56	2	1	-
32.	«Ақмай» шаруа қожалығы	140	3	1	3
33.	«Бидайқос» шаруа қожалығы	112	3	1	2
34.	Қызылорда облысы білім басқармасының Шіелі ауданы бойынша білім бөлімінің «№251 М.Әуезов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	133	3	1	3
35.	«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Шіелі аудандық көп бейінді орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	1238	4	2	47
36.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «С.Сапарбеков атындағы №125 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	149	3	1	2
37.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «№110 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	175	3	1	2
38.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «№289 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	64	2	1	1
39.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «№213 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	70	2	1	1
40.	«Жанақорған шипажайы» акционерлік қоғамы	177	3	1	2
41.	«Орда Сығанақ» шипажайы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	87	2	1	1

42.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Абылайхан атындағы №140 қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	154	3	1	4
43.	«Абғал және К» толық серіктестігі	112	3	1	2
44.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Алтын ұя» бөбекжай бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	88	2	1	1
45.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Нағима Ахмадеева атындағы №112 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	100	2	1	1
46.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Сералі Лалин атындағы №261 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	232	3	2	5
47.	Қызылорда қаласы шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда тазалығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	554	4	1	24
48.	«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «№1 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	300	4	2	10
49.	«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	550	4	2	20
50.	«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «№3 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	515	4	3	17
51.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Сейлібек Шауаханов атындағы №9 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім инновация» лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	91	2	2	-
52.	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «№6 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік мекемесі	588	4	2	22
53.	№3 «Алтын Орда Шұғылға» бөбекжай-бақшасы жеке мектепке дейінгі мекемесі	61	2	1	-
54.	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «№5 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	375	4	2	13
55.	«Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «М. Шоқай атындағы №187 ақпараттық технология мектеп-лицейі «Мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	145	3	1	3
56.	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	100	2	1	1
57.	«Нефтітранс-Қызылорда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	86	2	2	-
58.	Қызылорда облысының білім басқармасының «Облыстық физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	124	3	2	2
59.	«Petroleum Development Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қызылорда қаласындағы филиалы	52	2	1	-
60.	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы	808	4	1	31
61.	«Сенім» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	117	3	1	3
62.	«Қызылорда теміржол ауруханасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	353	4	2	6
	Барлығы:	12 383		78	300

Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы «__» _____ № _____ қаулысына 2-қосымша

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру квотасы

Р/с	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)	Жұмыс орындарының саны
1.	Жеке кәсіпкер «К. Айттанов»	4	25	1
2.	Жеке кәсіпкер «С. Қошқарбаев»	5	20	1
3.	«Tamshy-su» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	5	20	1
4.	«Төртан көптік клуб үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	10	10	1
5.	«Мыраева» шаруа қожалығы	28	3,6	1
6.	«Ізгілігі» шаруа қожалығы	10	10	1
7.	Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	624	0,32	2
8.	«Орта Азия Коль» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	132	1,51	2
9.	Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда тазалығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	631	0,79	5
10.	«Қызылорда» автобус паркі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	50	2	1
11.	«Азамат-Мұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	10	10	1
	Барлығы:	1 509	1,1	17

Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы «__» _____ № _____ қаулысына 3-қосымша

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру квотасы

Р/с	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)	Жұмыс орындарының саны
1.	«Арал құрмысы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	50	4	2
2.	«Tamshy-su» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	5	20	1
3.	Жеке кәсіпкер «Игликов Т»	30	6,7	2
4.	«Қармақшы аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	714	0,1	1
5.	«Қармақшы орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	67	1,5	1
6.	«АНК-Дәулет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	44	2,3	1
7.	«Төртан көптік әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	21	4,8	1
8.	«Ақай ауылдық клуб үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	15	6,7	1
9.	«Ақай ауылдық балалар-жасөспірімдер дене тәрбиесі паркі» клуб» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	15	6,7	1
10.	«Жалағаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жол-ауылдар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Жалағаш қызмет» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	10	30	3
11.	«Бесарық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	80	1,25	1
12.	«Б.АҚ» шаруа қожалығы	52	1,92	1
13.	«Жарбол» шаруа қожалығы	16	6,25	1
14.	Жеке кәсіпкер «Мерей и К»	8	12,5	1
15.	«Жеке кәсіпкер «Нұр» акционерлік қоғамының филиалы	1261	0,08	1
16.	«Жолдасов» шаруа қожалығы	18	5,5	1
17.	«Шіелі-Жолшы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	72	1,4	1
18.	«Қызылорда қаласы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қызылорда филиалы	96	1,04	1
19.	«Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Шіелі орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	90	1,12	1
20.	«Темірлан» шаруа қожалығы	10	10	1
21.	Жеке кәсіпкер «Аят»	6	16,7	1
22.	Жеке кәсіпкер «Қаусар»	5	20	1
23.	Жеке кәсіпкер «Айсултан»	5	20	1
24.	Жеке кәсіпкер «Нұр»	8	12,5	1
25.	Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	624	0,64	4
26.	«Аңсар-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	56	3,57	2
27.	Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда тазалығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	631	1,58	10
28.	«Ауылғы Тор Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	86	2,32	2
29.	«Қызылорда» автобус паркі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	50	8	4
30.	«Valiant-Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	30	16,67	5
31.	Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрілігінің Қылмыстық-Атқару жүйесі комитеті Қылмыстық атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің «Еңбек» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Еңбек-Қызылорда» филиалы	10	20	2
32.	«Азамат-Мұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	80	3,75	3
33.	«Қызылорда жолдары» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	182	0,55	1
34.	«Абғал және К» толық серіктестігі	4 457	1,6	71
	Барлығы:			

Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы «__» _____ № _____ қаулысына 4-қосымша

Ата-анасынан көмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру квотасы

Р/с	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)	Жұмыс орындарының саны
1.	«Төгіс-Аралотын» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	36	5,6	2
2.	МҚК ҚКЖО «Қазалы-Теміржолжылы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	65	1,53	1
3.	«Энергомөр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	59	1,69	1
4.	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Сырдария аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	736	0,1	1
5.	«Мырзабаев» жеке кәсіпкер	35	2,86	1
6.	«Али-Сұлтан» жеке кәсіпкер	30	3,33	1
	Барлығы:	961	0,7	7

Әбдіғаппар Әмірғалиұлы




78 жасқа қараған шағында қоғам қайраткері, «Құрмет», «Пар

СЫР ӨНІРІНІҢ ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАРЫ

Британия ұлттық архив деректерінде

Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап-армандаған ел егемендігіне қол жеткізіп, өз алдына дербес мемлекет мәртебесіне ие болды. Елдікке бастаған тарихи құжат – Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның қабылданғанына 35 жыл толды.

Кейінгі жылдары елімізде ауқымды реформалар жасалды. Саяси-экономикалық өзгерістермен қатар, халықтың таным-түсінігі, болмыс-бітімі, өмірлік қағидалары өзгеріп жатыр. «Адал азамат» тұжырымдамасына негізделген жаңа қоғамдық этика қалыптасып келеді. Тәуелсіз мемлекетте туып, ойы азат, санасы сергек болып өсіп келе жатқан жас ұрпақ халқымыздың терең тарихын жетік білуі керек.



Тарихы жоқ ел болмайды. Елдің ертені бүгіннен басталады десек, ол – дау жоқ, кешегін жалғасы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, «Тарихты білу дегеніміз – өткенмен омір сүру емес». Рас, тарих біздің сана-сезімімізде, ұлттық болымсымызда ерекше орын алады. Біз тарихымызды терең білу және оған тағайын алу арқылы өткеннің қателігін қайталамайтын, Ұлы даланы мекендеген ұлы бабалар жолын лайықты жалғастыра алатын халық болуға тиіспіз.

Тарихымызды ақтаңдақтардың орын толтырып, ұлтымның өткен өмір шындығы мен төл болмыс-бітімін жете танып-білуіміз, қасиетті қазынамыз бен асыл мұраларымызды бүгінгі және ертеңгі күннің игілігіне айналдыруымыз үшін қажет. Адамзат тарихындағы тоқсан толғауды тіршілікті ұрпақ және дәстүр сабақтастығы арқашан алға қарай дамыуды қуатты қозғаушы күші ретінде қызмет атқарып келеді. Кешегі күншіз кәзіргі қалпымыздың, ал бүгінгі күншіз ертеңгі болашағымыздың болмайтыны талассыз өмір шындығы. Міне, сондықтан біз өткенімізге нақ осы тарихи процестердің өзара тығыз байланысы, үйлесімділігі мен біртұтастығы тұрғысынан баға беріп, зейін қойып, зерделегуе тиіспіз.

Өйтілі Тұран ойпатындағы әр замандарда Мәуереннахр, Түркістан, Сыр елі атанып, ата-бабаларымыздың қанымен, терімен суарылған киелі топырақ талай тарихи кезеңге куә болды. Сыр өңірі – қазақ халқының рухани, мәдени және саяси тарихында ерекше орын алатын маңызды аймақ. Исі қазатқын басын қосып, ауызбірлігі мен ынтымағын нығайтуға, қайрат-жігерін күшейтіп, дем беруге аянай атсалысқан ұлтымныңдзы үш төбе биінің пірі шешен Өйтеке бабамыз осы киелі топырақтан шыққан. Өз дәуірінің көрнекті саясаткері, көреген қолбасшысы, кемегер елбасшысы бола білген Жалантөс баһадүр, Есет, Жанқожа, Бұқарбай сынды қамал бұзар батырлардың және түбі бір туысқан барша түркі халықтарының ортақ перзенті, Алаш идеясының жаршысы, қоғам қайраткері Мұстафа Шоқайдың кіндік қаны тамған қасиетті жері осы.

Егемен ел ретінде әлем қауымдастығы қатарынан орын алып, тәуелсіздікке қол жеткізген өзгерістер заманында өткен тарихымызға деген көзқарас жаңа сипатқа ие болды. Тұған жерінің азаттығы мен жарқын болашағы үшін күрескен тарихи тұлғаларымызға қатысты тың деректер жарыққа шықты. Бүгінде Қазақстанның әлем тарихындағы орын айқындалды мақсат тұтқан елімізде төл тарихымызды толықтыра түсуге барына жағдай жасалып жатыр. Осы орайда, алыс-жақын шет мемлекеттердің архивтері мен кітапханаларында сақталған Қазақстан тарихына қатысты құнды деректер еліміздің ұлттық архив қорларына толықтыруда. Қол-жазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталық мамандарының Ұлыбританияның Манчестер университетінің Джон Райланд, Оксфорд университетінің Болиндан кітапханалары мен Британия Ұлттық архив қорларында жүргізілген ғылыми-ізденіс жұмыстарының нәтижесінде Қазақстан тарихына қатысты құнды деректер анықталып, көшірмелері елге жеткен болатын. Атап айтар болсақ, Британия Ұлттық архив қорынан Сыр елінің тарихи тұлғалары Мұстафа Шоқай мен Серәлі Мұнайтыпасұлы Лапинге қатысты тың құжаттар анықталды.

Ұлыбританияның ұлттық архиві – мың жылдан астам уақыттан бергі маңызды құжаттардың сақтаушысы. 1838 жылы құ-

рылған, негізгі мемлекеттік құжаттарды сақтауға және олардың зерттеушілерге қолжетімділігін қамтамасыз етуге арналған. Британ аралары мен Тауы Шығыс халықтарының крест жорықтарынан отаршылдық билікке дейінгі кезең тарихын қамтитын 11 миллионға жуық құжат жинағы сақталған. Еуропа тілдеріндегі құжаттардан басқа араб, осман-түрік және парсы тілдеріндегі маңызды құжаттар – архив қорының құнды бөлігі. Жүргізілген нәтижелі ізденістің арқасында анықталған «Russian revolution in Turkistan» («Түркістандағы Ресей революциясы» 1919 ж.), «Anti-bolshevik – Shere Ali Muray Aitbas Larian» («Большевиктерге қарсы Серәлі Мұнайтыпасұлы Лапин ісі», 1919 ж.), «Correspondence: Turkistan-Turkey, Vol.44, Date 1920» («Хат алмасулар: Түркістан-Түркия», 1920 ж.) атты құжаттар осы кезеңдегі Түркістандағы саяси оқиғалар мен Сыр өңірінен шыққан тарихи тұлғаларға қатысты маңызды мәліметтер береді.

«Ел тарихында ерекше орны бар тұлғаларға құрмет көрсету дәстүрі еліміздің жалпыұлттық бірегейлігін нығайта түсуге зор септігін тигізеді» деп атап өткен болатын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында. Бүкіл түркі әлемінің біртұрақ азаматы Мұстафа Шоқайдың быыл 135 жылдығы. Тарихи шындықты тура жеткізудің бірден-бір жолы – өз уақытында халқымыздың болашағы үшін бар ғұмырын күресте өткізген тұлғаларымыздың қызметі мен артында қалдырған рухани мұраларын жарыққа шығарып, болашақ ұрпаққа қалдыру. М.Шоқайдың қоғамдық-саяси көзқарасы мен эмиграция жылдарындағы қызметін зерттеу өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Кеңестік дәуірдің соңғы кезеңінде аты аталмайтын, тарихтан өшірілуге тиістілердің қатарында болатын. Ол кеңестік биліктің Түркістандағы, тіпті жалпыұлттық саясаты мен идеологиясына шетелде қарсы тұрған өшкереуші оппозиционердің бірі болды. Большевиктер билікті қолына алғаннан кейін елінен кетуге мәжбүр болған ол 1921 жылдан 1941 жылы қайтыс болғанға дейін 20 жыл бойы Францияның астанасы Парижде күресін жалғастырды. Еуропаның әртүрлі елдерінде шыққан баспасөз беттерінде, жазған мақалаларында Түркістандағы кеңестік биліктің езгісіне қарсы тиімді интеллектуалдық күрес жүргізді. Ол неміс, француз, ағылшын, поляк, орыс және түркі тілдерінде еңбектер мен мақалалар жазды. М.Шоқайдың қалдырған орасан зор шығармашылық мұрасы жан-жақты зерттеліп, «Яш Түркістан» журналында жарияланған жүзден астам мақаласы қазақ тіліне аударылып, жарық көрді. Қазақстандық Шоқайтануда архив құжаттарын зерттеу арқылы атқарған істерін және тарихи, саяси көзқарасын айқындауға үлес қосқан тарихшылардың еңбегін айрықша атап өткен жөн. Бұл бағытта еңбектері жарық көрген М.Қойгелді, К.Нүрпейісов, К.С.Мағамбетов, Ө.Бәкір, Б.Салдықова, Түркия ғалымы Ә.Қара-мерсе-Келкеже, т.б. зерттеушілері атау қажет. Олар М.Шоқайдың өмірі мен саяси күресінің көптеген бұрын белгісіз болып келген жақтарын анықтады. Атап айтар болсақ, Мимар Синан Көркемөнер университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Әбділүпак Караның «Кенес олағының Түркі әлемі саясаты» атты еңбегі (Мұстафа Шоқайдың француз тіліндегі таңдаулы мақалалары жинағы) әлемнің бірнеше тілдерінде жарық көрді.

Мұстафа Шоқай ұлт намысын, ар-ожданнан бәрінен де жоғары қояды. Өз тара-

пынан да саяси күресте адалдықты жоғары ұстады. Түркістанның тәуелсіздігі үшін күресте оған апаратын жолдың да таза болуын қалайды. Түркістандықтардың тарихында эмиграциялық күрес үрсісінің жоқтығына қарамастан, Түркия, Ауғанстан, Иран, Сауд Арабиясы, Шығыс Түркістан, Еуропа елдеріндегі түрік-мұсылман ғұмақжарларының тәуелсіздік үшін күрес туы астында топтастыра білді. Британия ұлттық архивінің Сыртқы істер министрлігі бөлімі бойынша ағылшын тіліндегі «Correspondence: Turkistan-Turkey Vol.44, Date 1920» (Хат алмасулар: Түркістан-Түркия, 1920 ж.) атты 50 томдық құжаттар жинағының «Түркістан-Түркия» деп аталатын 44-томында Түркістан автономиясы таратылғаннан кейінгі 1919 жылы Грузияның Тифлис (қазіргі Тбилиси) қаласында жарық көрген «Слов» газетінде Түркістандағы соңғы әкімшілік өзгерістерге қатысты мәселелерге тоқталып, большевиктердің жүргізіп отырған саясатының нәтижесінде қатты алаңдайтын билдірлер. Сонымен қатар, осы құжатта, Ресей мұсылмандарының мәселесі бойынша жетекші сарапшылардың бірі ретінде Түркістанда орын алған саяси жағдайға түсініктеме береді, болашақ үшін күресте, мұсылман халықтары барлық күш-жігерді біріктіре отырып, әрекет етуі қажет деген ой-пікірін білдіреді.

XX ғасыр басындағы М.Шоқайдың түркі бірлігі идеясының басты мақсаты – идеялық, ұлт-азаттық қозғалыстар негізінде ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізу, отарлықтан құтылу болса, қазіргі кезеңдегі басты мақсат – мемлекетаралық ынтымақтастықты тереңдету, халықаралық келісімдер, бірлескен жобалар, тұрақты интеграция, нақты нәтижелер. Бұл салыстырудан көретініміз – түркі халықтарының ынтымақтастыққа ұмтылысы тек тарихи мұра ғана емес, заман талабына бейімделген саяси процесс. Мұстафа Шоқай заманындағы идеялар бүгінгі интеграциялық бастамаларға мағына мен мазмұн беріп отыр. Түркі халықтарының өзара ынтымақтастығын нығайтуға бағытталған Түркі Мемлекеттері Ұйымының құрылуы – тек саяси, экономикалық және мәдени байланыстардың жүйеленуі ғана емес, сонымен қатар тарихи-идеялық сабақтастықтың көрінісі. Осы тұрғыдан алғанда, М.Шоқайдың біртұтас түркілік идеясы мен қазіргі түркі интеграциясы арасындағы байланыстарды ғылыми тұрғыда талдау бүгінгі түркі әлемінің даму траекториясын түсінуге мүмкіндік береді.

2009 жылғы 3 қазанда Нахчыван (Әзербайжан Республикасы) қаласындағы 9-саммитте Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Түркия басшылары арасында Түркі-тәуелсіз мемлекеттердің ынтымақтастық келісін құру келісіміне қол қойылды. 2021 жылы Ұйымның атыауы Түркі Кеңесінен қазіргі «Түркі Мемлекеттері Ұйымына» өзгертілді, бұл оның функционалдық және геосаяси ауқымының кеңейгенін көрсетеді. Ұйымның басты мақсаты – ортақ түркілік тарих, мәдениет, тіл және экономикалық мүдделер негізінде саяси, әлеуметтік және гуманитарлық ынтымақтастықты дамыту. Бұл мақсаттар М.Шоқай ұсынған мемлекеттік егемендікті сақтай отырып, өркениеттік бірлікке ұмтылу идеясымен үндес келеді. 1993 жылы Түркі мәдениетін және өнерін дамыту халықаралық ұйымы (ТүРКСОЙ), 2008 жылы Түркі мемлекеттері Парламент Ассамблеясы, 2010 жылы Түркі Академиясы Астана қаласында құрылды. 2012 жылдың 23 тамызында түркі халықтарының мәдени-тарихи мұрасын жандандыру, дамыту және насихаттауға бағыт-

талған жобаларды қолдауға арналған Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры өмірге келді.

Қазақстанның бастамасымен құрылған Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесі қазір толыққанды белдеді халықаралық ұйымға айналды. «Түркі әлемінің келешегі-2040» атты құжат бекітілді. «Ел бастасы, бауырлас елдердің бірлігін бекемдей түсеті. Ортақ құндылықтарымызды тәртіпке дүниеге таныттық. Біз бабалар өсиетін орындап, түркі елдерінің ынтымағын нығайтып келеміз. Ендігі мақсат – өзара сенімге және бауырластыққа негізделген бірлігімізді сақтап, өскелең ұрпаққа табыстау. Түркі әлемі жаһандық ықпалы бар елдермен тең дәрежеде қарым-қатынас жасап отыр. Басқа мемлекеттер біздің ұйымның ұстанымдарына баса мән беретін болды. Сондықтан түркі халықтарының ықпалдастығын арттыра түсу – бізге ортақ міндет». Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі Мемлекеттері Ұйымының кезекті Х саммитінде сөйлеген сөзін қорытындылай келе, түркі мемлекеттерінің басшыларын бірлікке шақырды. Қауіп-қатерлерге қарсы бірігу, өзара көмек көрсетіп, тиімді іс-әрекет жасау маңызды екеніне назар аударып, оның бәрі түркі әлемін өркендетуге, елдеріміздің ынтымағын арттыруға ықпал ететінін айтты. Қорыта келгенде, бүгінгі таңда М.Шоқай идеялары Түркі Мемлекеттері Ұйымы аясында нақты саяси-институционалдық сипат алып отыр. Түркі кеңістігіндегі елдердің ортақ тарихы, тілі, ділі мен дінін ескере отырып, өзара ынтымақтастықты нығайту – қазіргі жаһандық тәртіптегі стратегиялық маңызды қадамдардың бірі.

Британия ұлттық архив қорларынан анықталып, көшірмелері елге жеткен маңызды құжаттардың бірі – алғашқы қазақ шығыстанушысы, ағартушы, қоғам қайраткері Серәлі Мұнайтыпасұлы Лапинге қатысты деректер. Көшпенді малшылықты қойып, заманның ыңғайына қарай бейімделіп, керуен тарту кәсібінмен табысты шұғылданған Лапы деген кісінің ұлы Мұнайтыпас жасынан іскерлігімен танылыпты. Өзіне жетерлік дәулет құрап, көзі ашық адамдарға жақын жүруінің арқасында белгілі бір дәрежеде абырой-белелге де ие болған екен. Ол тоғыз ұл-қыз өсіріп тәрбиелепті. 1869 жылы туған екінші баласы Серәлі оқу-білім қуаға айрықша ынта білдіріп, әуелі ауылда мұсылманша сауат ашқан. Сосын Ақмешіттің орыс-түзкемектебін, Ташкенттегі Түркістан мұғалімдер семинариясын, Ресей астанасында Санкт-Петербург императорлық университетінің сан факультетін бітірген. 1889-1892 жылдары Түркістан семинариясында орыс оқушыларын жергілікті тілдерге жаттықтыратын репетитор, 1892 жылдан Самарқан облысы әскери губернаторы жанында аудармашы, 1901 жылдан үзілістермен 1917 жылы дейін ақпарат болған. Семинария қабырғасында оқып жүрген кезінде түркітанушылар үйірмесіне қатысып, шығыс тарихы мен мәдениетін, шығыстың сәулет өнері тарихын зерттеумен шұғылдана бастаған. Киелі Сыр өңірінен шыққан ұлт жолындағы еңбегін аямаған тарихи тұлға араб, парсы, т.б. шығыс тілдерін білген. Қазақ энциклопедиясы келтірген деректерге қарағанда, ол тұңғыш рет Гур-Эмир, Регистан, Шаһи-Зинда кешендеріндегі, Көкиташ медресесі және т.б. көне архитектуралық ескерткіштердегі арабтың көне емлесімен өрнектелген көркем жазуларды (эпиграфикаларды) оқыды, оларды орысшаға аударып ғылыми айналымға қосты. Жәдігерлердің тұрғызылған уақытын, оларды салдырған сәулетшілердің есімдерін (мысалы, Регистан ансамбліндегі Шер-Дор, Тидля-Карн медреселерін өйгілі қазақ қайраткері Жалантөс баһадүрдің салдырғанын) анықтады. Серәлі Мұнайтыпасұлы сондай-ақ, «Шанһам», «Тұһрат әл-Хани» дастандарының парсы тіліндегі қолжазбаларын тауып, шығыстану ілімі айналымына қосты.

Тарихи деректер бойынша, Қокан автономиясы таратылғаннан кейін, Түркістанның азаттығы үшін күресін шетелде жалғастыру мақсатында 1918 жылы Түркия арқылы Германияға өткені белгілі. Британия ұлттық архив қорларындағы, Әскери операциялар және әскери барлау басқармасы, Хат алмасулар және құжаттар, Түркістан бөлімі бойынша анықталған ағылшын тіліндегі WO 106/60 «Anti- bolshevik – Shere Ali Muray Aitbas Larian», (Большевиктерге қарсы – Серәлі Мұнайтыпасұлы Лапин ісі) атты құнды архив құжаты тарихи тұлғаның қоғам қайраткері ретіндегі тұлғасын аша түседі. Құжатта: Серәлі Лапин – ұлты түрік, 1917 жылында қазан айына дейін Ташкенттегі мұсылман ұйымының басшысы қызметін атқарған. Германия үкіметі басшыларымен келіссөз жүргізу мақсатында Германияға келген. Сонымен қатар, аталған құжатта Түркістандағы большевиктермен күресте көмек сұрау жөнінде хат жолдағаны туралы маңызды мәліметтер де келтірілген.

Қорыта келгенде, Британия ұлттық архив қорларынан анықталған Мұстафа Шоқай мен Серәлі Мұнайтыпасұлы Лапинге қатысты деректер – Сыр өңірі перзенттерінің ұлт тағдыры жолындағы күресін әлемдік деңгейде мойындаған айғақтар. Олар – тәуелсіздіктің рухани бастауында тұрған, азаттық идеясын жүргізіп сеніген тұлғалар. Сондықтан бұл мұралар – өткен мен бүгінді жалғайтын алтын көпір, ұлт жадының мәңгілік негізі. Сыр елінің тарихы – тәуелсіз Қазақстанның рухани өзегі айқындалатын, бүгінгі ұрпаққа үлгі болатын шынайы ерлік шежіресі.

Гүлсім БИСЕНОВА,
ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің жетекші сарапшысы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

БРИФИНГ



ЭПИДАХУАЛ ТҰРАҚТЫ, БІРАҚ НЕНІ ЕСКЕРУ КЕРЕК?

Эпидемиологиялық маусым басталған 1 қазаннан бері өңірде жедел респираторлы-вирусты инфекцияның (ЖРВИ) 16 786 жағдайы тіркелді. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен шамалас. Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында жауапты сала мен емдеу ұйымдарының басшылары көпшілікті алаңдатқан ахуал бойынша брифинг өткізді.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметіне сүйенсек, науқастардың 63,1 пайызы – балалар. Ауруға шалдыққандардың 5 пайызы ауруханаға жатқызылған. Халықты статисти-кадан бұрын аурудың сипатын өзгерткені қатты алаңдатып отыр.

– А типті (H3N2) тұмау немесе Гонконг тұмауы – жаңа вирус емес, маусымдық тұмаудың жыл сайын қайталанатын әрі бұрыннан белгілі түрі. Дегенмен, ол халықтың әлсіз топтары үшін қауіпті. Адамдар арасында тез таралуымен, аурудың ауыр ағымда өтуімен ерекшеленеді. Бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету ұйымдарында 124 сүзгі кабинеті, ішек инфекциясының алдын алу үшін 52 ПОР кабинеті, білім беру ұйымдарында термометрия, ЖРВИ белгілері бар оқушыларды оқшаулау қолға алынды. Емханалардағы мобильді бригадалар қызметі түнгі сағат 12-ге дейін ұзартылып, жедел медициналық жәрдем бригадаларының саны 71-ден 81-ге көбейді. 200 тесекке арналған қайта жаңғыртудан өткен облыстық жұппалы аурулар ауруханасы қосымша 100 тесек орынға кеңейтілді. Ал көпбейінді облыстық балалар ауруханасында жоспарлы емге қабылдайтын бөлімшелер жұмысы уақытша тоқтатылып, пульмонология бөлімшесі 80 тесекке ұлғайды. Қажетті қорғаныш құралдарын мен дәрілік препараттар қоры жеткілікті, – деді басқарма басшысының орынбасары Мая Мырзанова.

Эпидмаусымда жедел жәрдем телефонна тыным жоқ. Облыстық жедел жәрдем стан-сасының мәліметіне сүйенсек, 10 қараша күні 103 желісіне 2591 қоңырау түскен. Соның 55,2 пайызында бала ауырған. 439 науқас ауруханаға жеткізілсе, соның 60 пайызы жатып ем ала бастады.

– Аурудың өршуі септегі 103 нөміріне түсілігіне 2500-2600 шақыру түсетін болды. Сондықтан мобильді топтардың жұмыс уақытын кешкі сағат 8-ден түнгі сағат 12-ге дейін ұзарттық. 103 нөміріне аға дәрігерлер тарапынан ЖРВИ мен тұмау кезінде кенес беру функциясын қостық. Ол арқылы тұрғындар қандай ем-дом жасауға болатынын сұрап біле алады. Тұрғындардың жиі жүгінугінен жедел жәрдем көлігінің кешігу жағдайлары да кездеседі, – дейді станса бас дәрігерінің орынбасары Ғалия Нұрсейітова.

Ол тұрғындар арасында түсініспеушілік туыдырған жедел жәрдемнің неге екпе, литикалық қоспа салмайтыны туралы сұраққа

жауап берді. Айтуынша, хаттама бойынша оның орнына несте-роидты препараттар қолданумен шектеледі. Мамандар осы орайда халықты дүрбеленге түспеуге, гигиеналық талаптарды қатаң сақтап, дәрігер кенесін орындауға, аурудың алғашқы белгілері байқалған жағдайда уақытылы медициналық көмекке жүгінуге шақырды.

Облыстық жұппалы аурулар ауруханасында осы күні емделіп жатқандардың 66,8%-ы – ЖРВИ жұқтырғандар. Тіпті бір үйден 4-5 бала жаппай ауру жұқтырып, бірге ем қабылдап жатқандар бар. Жүктеменің көбеюінен қабылдау бөлімінің өзінде 3 бригада тәулік бойы жұмыс істеуге көшті. Емдеу ұйымында санитариялық індетке қарсы режим заңға сәйкес толығымен атқарылуға. Оған қажетті дезинфектанттар, антисептиктер, жеке қоланыш құралдар қоры жеткілікті. Вирусқа қарсы осельтамивир қоры, капсула, біртүрлі медициналық маска, симптоматикалық, дезинтоксикациялық, антибактериалды дәрілік препараттар қоры қажетінше жасакталған.

– Індеттің алдын алу мақсатында ересектер мен балаларды барынша көпшілік жерге бармауға, барған күнде де бетперде кию, антисептик қолдану сияқты жеке бастық сақтық шараларын қатаң түрде сақтауға, құнарлы тамақтану, шынығу арқылы иммунитетті күшейтуге, маскатын топ өкілдерін тұмауға қарсы вакцина алуға шақырамыз. Үйде ауырып калған жағдайда өз бетінше емделмей, медициналық көмекке жүгінгіңіздер, – дейді аурухана бас дәрігерінің орынбасары Шариға Әлиева.

Брифингте облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова ЖРВИ-мен сырқаттандудың ауыр ағымдағы 239 науқастың санынамыс ПЦР әдісімен тексеріліп, нәтижесінде зертханалық жолмен А типті (H3N2) 35 тұмау ауруы анықталғанын атап өтті.

– Тұмаудың алдын алу мақсатында эпидмаусымға жергілікті бюджет есебінен 85006 доза вакцина сатып алынып, бүгінгі күні 84 мыңға жуық азаматқа тұмауға қарсы вакцина салынды. Тұмаудан бөлек, бұл санатқа жатпайтын вирустарды анықтау мақсатында 202 сынамға зерттеумен қамтылды. Нәтижесімен бұл санатқа кірмейтін 7 вирус анықталды, – деді ол.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Жарамсыз деп есептелсін

Сардарбеков Бахыт Шағановичтің атына Қызылорда облысының ішкі істер департаментінен берілген № N1645 зейнеткерлік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР БИМЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

**БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияландырған газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.